

Маханов Талгат Габитович

докторант, юриспруденция магистрі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Астана қ., e-mail: makhanov1986@mail.ru

**ПАРА АЛУ ҚЫЛМЫСЫ ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ЖАЗАНЫ
ЖЕКЕ ДАРАЛАУ ҚАҒИДАСЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Түйін. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша пара алу қылмысы үшін жаза тағайындауда жазаны жеке даралау қағидасын сақтау мәселесі қарастырылған. Сонымен бірге, бұл жұмыста статистикалық мәліметтер мен сот-тергеу тәжірибесін пайдалана отырып, заңгер-ғалымдардың ой-пікірлерін ескере отырып, пара алу үшін жаза тағайындау аясына талдау жасалынады.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы соблюдения принципа индивидуализации наказания при назначении меры за получение взятки по уголовному законодательству Республики Казахстан. Кроме того, на основе статистических данных и судебно-следственной практики, с учетом мнений ученых-юристов сделан анализ назначения наказания за получения взятки.

Summary. In article questions of respect for the principle of individualization of punishment at purpose of a measure for taking of a bribe by the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan are considered. Besides, on the basis of statistical data and judicial and investigative practice, taking into account opinions of scientists-lawyers the analysis of assignment of punishment for taking of a bribe is made.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында, жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Түпкі мақсат болып табылатын – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейту керектігі айтылған [1].

Ресейлік ғалым В.А. Авдеевтің пікірінше, жаһандану жағдайында, халықаралық қылмыстылықтың өсу қарқыны, террористік, экстремистік сипаттағы және сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар санының өсуі жазаны тағайындау және орындау аясында қылмыстық саясатты үйлестірудің өзектілігін көрсетеді [2, 310 б.].

Профессор С.М. Рахметовтің ойынша, қылмыскерге тек қылмыстық жазалау шараларын, оның ішінде ауыр, қатал жаза қолдану арқылы ғана қылмыстылықты біржола жеңе алмайтынымызды та-

рих дәлелдеді. Ал, қылмыстылықтың алдын алу, одан сақтандыру шараларының бұл күресте көмегі көп екендігі сөзсіз [3, 4 б.].

Ал егер де, қылмыстылықтың алдын алу, одан сақтандыру шаралары қылмыспен күресте нәтижесіз болған жағдайда, мемлекет тарапынан қолданылатын қылмыстық-құқықтық шара ретінде жазалау іске асырылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабына сәйкес, жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан ҚР ҚК көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді [4, 20 б.].

Негізінен, біздің түсінуімізше, аталған жазаны тағайындау қылмыстық заңнамада қатаң реттелген тәртіпте кінәлі адамға жазаның түрі мен көлемін анықтау арқылы жүргізілетін процесс болып табылады.

Ал, ҚР ҚК 52-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға осы ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалатындығы жазылған [4, 27 б.]. Сонымен бірге, аталған баптың 2 және 3 бөліктерінде сотталушының жазасын тағайындауда жеке даралау негіздері орын алған. Алайда, бұл баптың өзі «Жаза тағайындаудың жалпы негіздері» деп аталатын болса, қылмыстық құқық теориясы оны жаза тағайындаудың қағидасы ретінде де таниды.

Оған қоса, Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес, соттар сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқара-

сын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді анықтау қажет. Соттар жаза тағайындаған кезде ҚР ҚК 52-бабының 3-бөлігіне сәйкес тағайындалған жазаның сотталушының отбасының және оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына ықпалын ескерулері қажет [5]. Аталған Қаулыда «жазаны тағайындауда жеке даралау» туралы қағида деп көрсетпеген.

Ал, «Қылмыстық жазаларды тағайындау және орындауда сот тәжірибесінің кейбір мәселелері туралы» Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының 2009 жылғы 29 қазандағы №20 қаулысының 1-тармағына сәйкес, қылмыстық жазаларды жеке даралау кезінде соттар жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен деңгейін ескеру керек. Сонымен бірге, Соттардың қылмыстық заңнаманың жазаны жеке даралау туралы талаптары орындалмай, нәтижесінде жаза тағайындау тәртібінің сақталмауына әкеліп соғатын қателер кетіп отыратыны туралы айтылған [6].

Қағида ұғымы сан түрлі болып келеді. Қарастырып отырған мәселеміздегі қағида кез келген ғылымның, ілімнің, теорияның негізгі шыққан тегі болып табылады. Олай болса, жазаны тағайындау қағидаларының барлығы ҚР ҚК 52-бабында орын алғандығын айтамыз.

Ал, қаралып отырған жаза тағайындаудың жеке даралау қағидасы бойынша сұрақтар көп болып отыр. Сонымен бірге, бұл мәселе отандық қылмыстық құқық ғылымында аз зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады.

Бұл ретте, профессор Қ.Ж. Балтабаев, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген қылмыстық саясатты қарастыруда жауаптылық пен жазаны саралау мен жеке даралау қағидасының негіз болатынын, бірақ қылмыстық репрессияны теңгеру сипатына айналмау керектігін айтады [7].

Мәселен, заңгер-ғалым Н.О. Дулатбеков, жазаны тағайындаудың жеке даралау қағидасы жауаптылықтың дербестігі қағидасынан келіп шығатындығын айтады. Ол ерекше ұстанымды білдіреді, яғни сот нақтылы бір іс-әрекетке және айыпкердің жеке басына жазаның деңгейлестігін (сәйкестігін) анықтау мақсатында, оларды тікелей талқыға салатынын меңзейді [8, 78 б.].

Ал, заңгер-ғалым М.Б. Мұратханованың ойынша, қылмыстық жауаптылықты даралау мәселесі көбінесе жаза тағайындауға қатысты айтылады, сондықтан «жауаптылықты даралау» және «жазаны даралау» ұғымдарын ұқсастыратын кездер де болады. Біздің ойымызша, «қылмыстық жауаптылықты даралау» ұғымының мағынасы «жазаны даралау» ұғымымен салыстырғанда анағұрлым кең болып табылады.

Жауаптылықты даралау өзге де құқық салаларында қарастырылатындығына қарап, бұл өзекті

мәселе, қылмыс жасалған кезден бастап тізбекті түрде жүргізілетін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының кез келген сатысында орын алады және қылмыскердің жаза өтеу барысында ғана емес, соттылық мерзімі алынғанға немесе өшкенге дейін немесе қылмыстық жауаптылықтан толық босатқанға дейін қолданыста болады [9, 120 б.].

В.Н. Ворониннің ойынша, тағайындау кезіндегі жеке даралау – заңда көзделген жалпы және арнайы критерийлер негізінде, сот сотталушының түзелу мақсатына жетуге бағытталған, сондай-ақ жаза алдына қойылған өзге де мақсаттарға жетуге септігін тигізетін қылмыс жасаушы адамға әділ жаза анықтайтын жаза тағайындау институтының қағидасы болып табылады [10, 47 б.].

Мәселен Г.А. Кригер, Т.В. Непомнящая, А.П. Чугаев сынды ғалымдардың пікіріне қарасақ, жазаны жеке даралауды жаза тағайындау қағидасына жатқызып, оны өзге қағидалар арасындағы негізгі қағида болып табылатынын айтады. Бұл ғалымдардың жазаны жеке даралауға беретін анықтамалары жаза тағайындаудың жалпы негіздерінде берген анықтамасынан еш айырмашылығы жоқ. Алайда бұл пікір бойынша В.Н. Бурлаков, жаза тағайындаудың жалпы негіздерінде жаза тағайындау қағидасымен қоса жаза тағайындау тәртібі мен критерийлері жазылғандығын айтады. Сондықтан да, жеке даралау жаза тағайындау қағидасы ретінде бөлек анықтамасы болуы тиіс, бұл өз кезегінде терминологиялық кемшілікке әкеліп соғады. Сол себептен, жазаны жеке даралауды қағида ретінде емес, жаза тағайындау процесі ретінде тану керек [11, 49 б.].

Жаза тағайындауда жеке даралау қағидасын сақтау мәселесі бойынша біркелкі ойлар жоқ екендігін аңғаруға болады. Бір топ ғалымдар оны жаза тағайындау қағидасы десе, ал екінші тобы жаза тағайындау процесі ретінде ой түйіндеп отыр.


Ал, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жаза тағайындау барысында, жазаны жеке даралау қағидасының маңызы қылмыстық құқық теориясында, одан қалды қылмыстық құқық қолдану тәжірибесіндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен бірге, оған куә болу үшін бір жағынан статистикалық мәліметтерге сүйенгеніміз жөн болар.

Сонымен, ресми мәліметтерге сүйенсек, мысалы, ҚР ҚК 366 бабымен 2016 жылдың 12 айында барлығы 380 адам сотталған. Оның ішінде, 82 бас бостандығынан айыру, 290 адамға сомасы 1,6 трлн теңгеден астам айыппұл, 363 мүлкін тәркілеу, 168 мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айыру, 207 мемлекеттік қызметпен өмір бойы айналысу құқығынан айыру, 122 кәсіби, әскери шенінен айыру жазалары қолданылған. ҚР ҚК 366 бабымен 2015 жылдың 12 айында барлығы 224 адам сотталған. Оның ішінде, 35 бас бостандығынан айыру, 184 адамға айыппұл, 198 мүлкін тәркілеу, 215 мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айыру,


37 кәсіби, әскери шенінен айыру жазалары қолданылған. ҚР ҚК 311 (366) бабымен 2014 жылдың 12 айында барлығы 182 адам сотталған. Оның ішінде, 87 бас бостандығынан айыру, 27 адамға айыппұл, 84 мүлкін тәркілеу, 148 мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айыру, 22 кәсіби, әскери шенінен айыру жазалары қолданылған [12].

Талдау нәтижесі көрсеткендей, 2014 жылға қарағанда 2016 жылы ҚР ҚК 366(311) Пара алу қылмысы үшін сотталғандар саны 60 пайызға артқан. Сонымен қатар, Жаңа қылмыстық заңнаманың қабылдауына сәйкес, қылмыс жасаушыларға

қоғамнан оқшаулаусыз жаза түрлерін тағайындау тәжірибесі артуда. Мәселен, 2014 жылмен салыстырғанда 2016 жылы айыппұл салған сотталушылар саны 90 пайызға артқан (1 және 2 суреттерді қараңыз). Біздің ойымызша, осындай едәуір айырмашылыққа себеп болып отырған жағдайға 1997 жылғы редакциядағы ҚР ҚК 311 бабының 1-бөлігінде ғана айыппұл салу көзделген, ал 2014 жылы қабылданған ҚР ҚК 366 бабының барлық 4 бөлігінде де параның еселенген сомасындағы айыппұл салу көзделгені себеп болып отыр.



1 сурет. 2014-2016 жылдар аралығындағы ҚР ҚК 366(311) Пара алу қылмысы үшін сотталған адамдар саны



2 сурет. 2014-2016 жылдар аралығындағы ҚР ҚК 366(311) Пара алу қылмысы үшін сотталған адамдарға тағайындалған жаза түрлерінің саны.

Статистикалық материалдар көрсеткендей, пара алу қылмысын жасаушылар саны жыл сайын артып отырғандығын байқасақ, ал сот тәжірибесінде жазаны тағайындау қағидасын сақтауда кемшіліктер де кездесіп отырады, нәтижесінде жаза тағайындау тәртібінің сақталмауына әкеліп соғатын қателер кетіп отыр.

Мәселен, 2016 жылдың 13 қазанында Астана қаласының №2 Сарыарқа аудандық сотында ҚР ҚК 366 бабы 1-бөлігімен айыпталушы С. қатысты сот ісі қаралған. ҚР азаматы ПО қызметкері бола отырып, 2016 жылы өндірісіндегі азамат Т.-ға қатысты қылмыстық істі тергеу барысында, оның меншігіндегі «Мерседес» маркалы а/к тәркілемеу үшін соңғысынан 80 000 теңге көлемінде пара талап еткен, содан кейін Сыбайлас жемқорлық қызметі азамат С.-ны 80 000 теңге көлемінде пара алу сәтінде қолға түсірген.

Судья сотталушыға қатысты жазаның түрі мен көлемін анықтау барысында, оның жауаптылығын даралай отырып белгілеуде, оның әрекетінің жалпы қоғамға қауіптілігін және дәрежесін, сонымен қатар жеке басының қауіптілік дәрежесі мен сипатын, отбасылық жағдайы сияқты басқа да жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, кінәлінің түзелуіне әсер ете алатын жаза түрін тағайындауы тиіс.

Аталған үкімде, жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде Азамат С.-ның бұрын сотталмағандығын, кәнісін толық мойындап жасаған әрекеті үшін өкінетіндігін, қоғамда жақсы жағымен көрсете білгендігін және жас екендігін көрсетеді. Ал, жазаны ауырлататын мән-жайлар жоқ екендігін, сонымен қатар азамат С.-ның әкесінің РБК банкіндегі есеп шотында 3 542 527 теңге бар екендігін ескеріп, азамат С.-ның түзелуіне қоғамнан оқшаулаусыз параның елу еселенген сомасы мөлшеріндегі, яғни 4 000 000 теңге (80 000 теңге x 50 = 4 000 000 теңге) айыппұл салып, өмір бойы мемлекеттік қызметте белгілі бір лауазыммен айналысу құқығынан айырған [13].

Соттардың жазаны тағайындаған кезінде сотталушыға ғана қатысты жазаны тағайындауы, ол кезде сотталушының ғана жеке басын, материалдық жағдайын ескеруі керек. Ал, жоғарыдағы істе, судья сотталушының әкесінің материалдық жағдайын, яғни банктегі жеке қаражатын сотталушы баласы С.-ның жазасын өтеу үшін соттың негіздей отырып, жаза тағайындаудың жеке даралау қағидасын сақтамағандығы көрініс тапты.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 2-бабына сәйкес, азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды

соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді.

Сонымен қатар, 13-бабына сәйкес, азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті (азаматтық құқық қабілеттілігі) барлық азаматтарға бірдей деп танылады. Сонымен қатар, 14-бабында азаматтың Қазақстан Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктенуге құқығы бар [14].

Қазақстан Республикасының Конституциясы 26-баптың 3-тармағында соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайтыны жазылған. Сондай-ақ, 77-бабындағы қағидаларға сәйкес, адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі [15].

Әрине, сотталушы С.-ның әкесінің меншігіндегі банктік шоттағы қаражатына ие болуға өз құқығы бар. Оны тек соттың үкіміне сәйкес шектеуі мүмкін. Ал сотталушы С.-ның әкесі сот үкіміне сәйкес кінәлі деп табылмаған.

ҚР ҚК 52-бабының 3-бөлігіндегі тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескерілетіндігі жөніндегі қағида бар. Алайда, жоғарыдағы мысал жазаны тағайындау кезіндегі жеке даралау қағидасының талаптарына сай емес, себебі тағайындалатын жаза сотталушыға жеке арналуы қажет. Және де, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға жаза тағайындау кезінде ол үшін өзге адамның жауапты болуына немесе жазаға тартылуына жол берілмейді.

Оған қоса, ҚР ҚК 19-бабының 1-бөлігіне сәйкес, адам өзінің кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттері (әрекеттері немесе әрекетсіздігі) және оның қоғамға қауіпті зардаптарының туындауы үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа жатады [4, 14 б.].

Яғни, біздің ойымызша, сот азамат С.-ға жаза түрін және көлемін айқындау барысында, ҚР ҚК 19-бабы 1-бөлігінің, 52-бабының талаптарын бұза отырып, қылмыстық құқықтың кінәлі жауаптылық және жаза тағайындаудың жеке даралау қағидаларын сақтамағандығы көрініп тұрғанын байқауға болады.

Тағы да мысал келтіретін болсақ, 2016 жылдың 13 сәуірінде ШҚО №2 Өскемен қалалық сотында ҚР ҚК 366 бабы 3-бөлігі 4) тармағымен айыпталушы Б. қатысты сот ісі қаралған. ҚР азаматы ПО қызметкері бола тұра, бірнеше рет барлығы 125 160 теңге көлемінде пара алған. Аталған үкімде, жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар жөнінде сөз етпей, азамат С.-ның түзелуіне қоғамнан оқшаулаусыз параның жетпіс еселенген сомасы мөлшеріндегі, яғни 125 160 теңге (125 160 теңге x 70 = 8 761 200 теңге) айыппұл салып, өмір

бойы мемлекеттік қызметте белгілі бір лауазыммен айналысу құқығынан айырған [16].

Сондай-ақ, 2016 жылдың 3 наурызында СҚО Петропавл қалалық сотында ҚР ҚК 366 бабы 1-бөлігімен айыпталушы Т. қатысты сот ісі қаралған. ҚР азаматы Әділет министрлігіне қарасты сот орындаушысы бола тұра, 10 000 теңге көлемінде пара алған. Аталған үкімде, жазаны ауырлататын мән-жайлар жөнінде сыбайлас жемқорлық қылмысының қоғамға қауіптілігі жоғары екендігін ескере отырып, азамат С.-ның түзелуіне тек қоғамнан оқшаулау арқылы 1 жыл 1 ай мерзімінде бас бостандығынан айыру, сондай-ақ өмір бойы мемлекеттік қызметте белгілі бір лауазыммен айналысу құқығынан айыру жазасы тағайындалған [17].

Қарап отырсақ, ҚР ҚК 366 бабы 1-бөлігімен айыпталушы Т.-ға қатысты қаралған іске қарағанда, ҚР ҚК 366 бабы 3-бөлігі 4) тармағымен айыпталушы Б.-ға қатысты қаралған істің қоғамға қауіптілігі жоғары, себебі аталған бөлік ерекше сараланушы белгісі арқылы қауіптілігі жоғары, яғни бірнеше рет пара алу қылмысын жасаған. Бірақ, біздің ойымызша, тағайындалған жаза түрі ҚР ҚК 11, 52 және т.б. баптары талаптарының мақсатына сай емес сияқты. Сонымен қатар, ҚР ҚК құрамдас бөлігі болып табылатын ҚР ЖС Нормативтік қаулысы талаптарын да орындамайтыны көрініс табады.

Сонымен, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерін, сот-тергеу тәжірибесін ескере отырып, келесідей ойымызды түйіндегіміз келеді, яғни жазаны тағайындау кезіндегі жеке даралау – сотталушының жасаған қылмыстық құқық бұзушылық сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, оның жеке басына қатысты барлық мәліметтерді, жауаптылық пен жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды, тағайындалған жаза сотталушының түзелуіне және оның айналасына ықпал етуін ескеру қағидасын қатаң сақтаудағы соттардың құқық қолданушылық қызметі болып табылады.

Бұл жерде екі ұғым жатыр, яғни жазаны тағайындау кезіндегі жеке даралау қағидасы мен жазаны тағайындау кезіндегі жеке даралау процесі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Астана, Ақорда, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
2. В.А. Авдеев, О.А. Авдеева, О.П. Грибунов, В.А. Сергеевич. Наказание в системе уголовно-правовых средств противодействия преступности.

взаимодействие правовых систем в условиях глобализации международной жизни // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. 2016. Т. 10, № 2. С. 301–312.

3. Рахметов С.М., Кулмуханбетова Б.А., Нурымбетов А.А. Наказание. – Алматы: Данекер, 1998, - 121 с.

4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2016. – 208 б.

5. Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы. [Электрондық қор] – [Рұқсат режимі] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>.

6. Постановление Пленума Верховного Суда РФ от 29 октября 2009 года №20 «О некоторых вопросах судебной практики назначения и исполнения уголовного наказания»

7. Балтабаев К.Ж., Юрченко Р.Н. Наказанию уравниловка вредна // [Электронный ресурс] - [Режим доступа] <http://www.zakon.kz/157559-nakazaniyu-uravnilovka-vredna-k.html>

8. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері): монография. – Астана: «Фолиант», 2002 ж. – 446 б.

9. Мұратханова Меруерт Бейсенқызы. Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы мен жазасын даралау. / з.э.к. / Ү.С. Жекебаев / Астана, 2007 / 161 б.

10. Воронин В.Н. Индивидуализация наказания: понятие, критерии, значение. Дис. ... канд. юрид. наук. Москва. 2015. с. 252

11. Бурлаков В.Н. Индивидуализация уголовного наказания: закон, теория, судебная практика»: ООО «Юридический центр-Пресс»; Санкт-Петербург; 2011. 131 с.

12. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014-2016 жылдардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотталғандар жөніндегі статистикалық мәліметтері, Астана, 2017 ж.

13. Астана қаласы №2 Сарыарқа аудандық сотының мұрағаты, №7117-16-00-1/1076 іс., Астана қаласы, 2016 ж.

14. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. [Электрондық қор] – [Рұқсат режимі] http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_.

15. Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электрондық қор] – [Рұқсат режимі] http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_.

16. ШҚО №2 Өскемен қалалық сотының мұрағаты, №1-212 іс., Өскемен қаласы, 2016 ж.

17. СҚО Петропавл қалалық сотының мұрағаты, №1-564 іс., Петропавл қаласы, 2016 ж.